

3 Гендерная политика в Казахстане // <https://www.kazportal.kz/gendernaya-politika-v-kazahstane/>

4 Ельмуратова Б. Ж., Аубакиров М. Н. Проблемы обеспечения гендерного равенства в Казахстане // <http://ehistory.kz/ru/contents/view/1404/>

5 Асқарқызы Ә. Парламент мәжілісіне өткен нәзік жандылар кімдер // <https://kaz.nur.kz/politics/1893511-parlament-mzilisine-tken-jel-deputattar-kimder/>

6 Касым-Жомарт Токаев высоко отметил вклад женщин в развитие экономики страны // <https://almaty.tv/kz/news/obschestvo/2016-kasym-dgomart-tokaev-vysoko-otmetil-vklad-dgenschin-v-razvitie-ekonomiki-strany>

7 Жунусова А. Р., Коспаков А. М. Современное состояние гендерной политики Республики Казахстан // <https://cyberleninka.ru/article/n/sovremennoe-sostoyanie-gendernoy-politiki-respubliki-kazahstan/viewer>

8 Камбарова К. Гендерная политика в Республике Казахстан // <http://akt.sud.kz/rus/massmedia/tema-gendernaya-politika-v-respublike-kazahstan/>

9 Развитие гендерной политики в Казахстане за годы независимости // <https://www.nur.kz/nezavisimost/1904553-razvitie-gendernoy-politiki-v-kazahstane-za-gody-nezavisimosti-ekspertnyu-obzor/>

10 Субханбердина Ү., Дәуітов С. Айқап. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» бас редакциясы, 1995.-370 б.

11 Субханбердина Ү. Айқап бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1995. - 305 б.

МУСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Жусубалина А.Б.

Ғылыми жетекші: т.ғ.д., доцент Буктугутова Р.С.

Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті

rozalia.1954@mail.ru

Мұстафа Шоқай қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданының аумағындағы Сұлутөбе теміржол стансасынан он бес шақырым жердегі Наршоқы мекенінде 1890 жылдың 7 қаңтарында (ескіше 1889 ж. 25 желтоқсанда) дүниеге келген. Өткен ғасырдың 20 – 30 жылдарында қазақ мемлекетінің даму мақсатын тұжырымдап берген, халыққа қызмет етудің жарқын көрсеткішін көрсеткен тұлғалардың бірі. Көрнекті қоғам және мемлекет қайреткері, Түркістан автономиясының жетекшісі. Алаш партиясының жетекшілерінің бірі болған ұлы тұлға. Қыпшақ тайпасынан шыққан Бошай бөлімінен тұратын Жанайға жатады [1, б.3]. Сыздық, Нұртаза, Әтіркүл, Фатима кейбір деректерде Сара, Ниса атты ағалары мен әпке – қарындастары болған. Мұстафа Шоқайдың әкесі 1916 жылы дүниеден өткен. 1890 жылдары Сырдария қатты тасып, Шоқайдың да, оның басқа да туысқандары Көксу өзенінің сағасындағы Наршоқы деген елді мекенге қоңыс аударған [1, б.46]. Сол жерде барлығы бірлесе отырып 1896 жылы жаңа мектеп үйін салды, сол жылдан бастап шәкірттер қабылдай бастайды. Алты жасар Мұстафа ағасы Сыздық, немере ағасы Бәкірмен бірге алғашқылардың бірі болып мектеп табалдырығын аттайды. Зеректігі арқасында Мұстафа мектеп шәкірттерінің ішіндегі бірінші болып, әптектен (құранның жеке алынған қысқа – қысқа сүрелері мен аяттарының жинағы) Құранға шыққан. Медресені екі жыл ішінде бітіріп ағасы Әліш Мұстафаны Қызылордадағы орыс – қазақ мектебіне алып барады. 1902 жылы тамыз айында Мұстафа Ташкент ерлер гимназиясына оқуға түседі. Мұстафаның сыныптастары Хамза Нұршанов, Жолмұхамед Өткелбаев, Сұлтан Айдаров, Мұсахан Мырзаханов болған, басқалары славян халықтарының өкілдері. 1910 жылы гимназияны

латын, француз, неміс тілдері мен математикалық география бойынша жақсы, ал қалған пәндердің барлығын үздік деген бағамен бітірді. 1910 жылы 2 тамызда Ташкент ерлер гимназиясының директоры Ф. Керенскийге М. Шоқайдың Санкт – Петербург университетінің заң факультетінде оқуын жалғастырғысы келетіндігі туралы рапорт жолдайды. Мұстафа университетке қабылданған күннен бастап степендия алады. Оқып жүріп қазақ, өзбек тілдерінен орыс тіліне аудармамен айналысады. Санкт – Петербург университетін 1914 жылы бітірді.[2, б.21]

Студенттік жылдары Ресей империясының заңдарын тыңғылықты үйренумен қатар, түркі – мұсылман халықтарының дәстүрлі сот ісін, тарихы мен мәдениетін зерттейді. Өз халқының ауыз әдебиетіне, әдет – ғұрпы мен салт – дәстүріне қызығушылығы М.Шоқайды «Түркістан археологиялық әуесқойларының» жиындарына әкелді. Ол жерде этнография, түркі халықтары ауыз әдебиетінің білгірі Ә. Диаевпен, кейін оның еңбектерімен танысады [3, б.503]. Университет қабырғасында жүрген кезінде ақ, М. Шоқай баспасөз бетінде патша өкіметінің ислам діні жөніндегі саясатына қарсы үндеу жариялайды. Бұл үндеуге қазақ, башқұрт, татар және өзбек студенттері қол қойған болатын. М. Шоқайдың саяси көзқарасы мемлекеттік деңгейдегі түрлі жиындарға қатысу барысында шындалып, нақтылана түседі [4, б.49]. Студент шағынан қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, түркі-мұсылман жастарының қозғалысына қатысады. 1917 жылы сәуірдің 16-21-і аралығында Ташкентте болып өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының 1-ші съезіне қатысып, оның төралқасына мүше болып сайланды [5, б.130]. Ол Ресейдегі «Бірлік туы» газетінің негізін қалаған алғашқы редакторлардың бірі болды. Түркістан өлкесі жергілікті халқының мүддесін қорғауды мақсат еткен қоғамдық-саяси ұйымдардың қызметін үйлестіру үшін құрылған «Түркістан өлкесі мұсылмандарының орталық кеңесіне» төрағалық еткен [6, б.29]. Бірінші жалпықазақ съезіне қатысып, Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Мұстафа Шоқай кішкентай кезінен көптеген тілдерге қызығушылық танытқан бірнеше тілде еркін сөйлеп, полиглот болған. Орыс, неміс, ағылшын, француз, түркі, өзбек тілдерін білген. Көптеген тілдерді білуіне байланысты Мұстафа Шоқайға Парижде, Лондонда, Стамбулда, Варшавада аналитикалық шолулар жасауға және баяндамалар жасауға мүмкіндігі туған. Шетел басылымдарында саяси шолулар мен Түркі әлеміне байланысты зерттеулерді жариялап тұрған еді. 1917 жылы қарашаның 28-інде өткен Түркістан өлкесі мұсылмандарының төтенше 4-съезінің төралқасына басшылыққа сайланды. Осы съездің шешімімен құрылған Түркістан (Қоқан) автономиясының 54 адамнан тұратын Уақытша Халық Кеңесі құрамына сайланды және жаңа Уақытша үкіметтің Сыртқы істер министрі болып тағайындалды. Уақытша үкіметінің төрағасы М.Тынышбаев қызметінен кеткеннен кейін оның орнына Мұстафа Шоқай ұсынылды. Ол сондай-ақ 1917 жылы желтоқсанда Екінші жалпықазақ съезіне қатысып, Алашорда құрамына сайланды. Съез аяқталғаннан кейін Мұстафа Шоқай біртұтас автономия құру мәселесін қарау үшін Сырдария қазақтарының құрылтайын шақыру туралы тиісті қайраткерлерге жеделхат жолдаған 1918 жылдың бас кезінде өткен Сырдария облысы қазақтарының съезі «Алашорда өз алдына автономия жариялап, Түркістан (Қоқан) автономиясымен одақ болса, Сырдария қазақтары Түркістан автономиясынан шығып, Алаш автономиясына кіреді» деген қаулы қабылдады [7, б.541].

Қоқан қаласын большевиктер жаулап алғаннан кейін, Түркістан (Қоқан) автономиясын құлатуына байланысты Мұстафа Шоқай шет елге эмиграцияға кетуге мәжбүр болады. Шетелдік эмиграция жылдарында көптеген қиыншылықтарды жеңе отырып, ол кең ауқымды, терең мазмұнды саяси күрес жүргізді. А.Керенскийдің «Дни» және П.Миллюковтың «Последние новости» газеттерінде қызмет атқарды [6, б.142]. 1927 жылдан Зәки Уәлиди Тоғанның редакторлығымен Парижде шығып тұрған «Иени Түркістан» журналына атсалысып, «Туркестан милли бирлиги» («Түркістан ұлттық бірлігі») ұйымына жетекшілік етті [7, б.314]. Эмиграцияда жүрген түркі-мұсылман халықтарының Ә.Топчибашев және

Г.Исхаки секілді өкілдерімен жиі араласып, пікірлес жақсы таныс болды. Оларды Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарын азаттыққа жеткізуде күш біріктіре әрекет етуге үндеген болатын [7, б.201] . 1929 жылы «Яш Туркестанда» Түркістан халқының мәдениеті, кеңестік биліктің бұл өлкедегі саясаты және 2-дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қатынастар, т.б.тақырыптарда зерттеу мақалаларын жазды [9, б.129] . 1940 жылы Парижге неміс әскері кіргенде, Мұстафа Шоқай тұтқынға алынып, бірнеше ай концлагерьде отырып шықты. 1941 жылы Мұстафа Шоқай Берлиндегі «Виктория» ауруханасында күмәнді жағдайда көз жұмып, қаладағы мұсылмандар зиратына жерленген [10, б.215]. Францияның Ножан-сюр-Марн (Валь-де-Марн департаменті) қаласында қазақ ұлт өкілдерінің қатысуымен ескерткіш тақта орнатылған. Алматы қаласында Мұстафа Шоқай есімімен аталатын көше бар. Қызылорда қаласындағы Экология университетіне Мұстафа Шоқай есімі берілген. Қайраткердің туған ауылына ескерткіш қойылған.

Алаш ойшылдарының бірі, солардың ішінде әсіресе, Еуропадағы, еркін ойдың орталығында жүріп өз көзқарастарын барынша дамыта, ресми түрде білдіре алған М. Шоқайдың өз елінің болашағы үшін жүргізген күресі, көзқарастары, дүниетанымы қазіргі саяси егемендік алған Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Тәжікстан сияқты мемлекеттер ғана емес, бүкіл түрік дүниесі үшін, тіпті егемендігі үшін күресіп жатқан, оны жаңадан орнатып жатқан барлық халықтар үшін рухани мұра, саяси сабақ бола алады өсіп келе жатқан ұрпақ үшін. Мұстафа Шоқай Бүгінгі күн Мұстафа халық жадында , жүрегінде орын алған тұлғалардың бірі . Мұстафаның қайраткерлік болмысын, ұланғайыр мұрасын, бүгінгі күнмен өзектесіп жатқан ой – тұжырымдарын зерттеу, насихаттау, еліміздің егемендігін баянды етуге, жас ұрпақты отан сүйгіштікке, рухта тәрбиелеуге қызмет етуде. Олай болса еліміздің егемендігін ойлаған, болжаған кемеңгер ойшылымыз М.Шоқайды ұлықтау бүгінгі жас ұрпақ біздің еншімізде.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Есмағамбетов К.Л.«Әлем таныған тұлға » Алматы – 2008
- 2 Б.Серікбайұлы «М.Шоқай » Алматы -1992
- 3 Сәрсенбай О. Мұстафа Шоқай қашан, қайда туған? / М.Шоқай Таңдамалы. – Т. – Алматы: Қайнар, 1998. – 503, 504-б.
- 4 Қазақстан: Ұлттық энциклопедия. – Т. 6 / Бас ред. Б.Аяған. – Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2004. – 696 б.
- 5 Қыдырәлі Д. Мұстафа көтерілген шың // Жалын. – 2004. – № 8. – 74–85-б.
- 6 Алаш. Алашорда: энциклопедия / құраст. Ғ.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – Б.247-251
- 6 Бегманов Қ. Мұстафа Шоқай жолымен: кітап-альбом. – Алматы: «Сораба» баспасы, 2013. – 466 б.
- 7 Мұстафа Шоқай // Қазақстан тарихы. – Алматы: «Аруна» ЖШС, 2006. – Б.585-588
- 8 Мұстафа Шоқай ешкімнің алдында кінәлі емес // Қойгелдиев М. Тарих-күрес алаңы: мақалалар, сұхбаттар. – Алматы: «Қаратау КБ» ЖШС; «Дәстүр», 2015. – Б.313-319
- 9 Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: үш томдық. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2007.